



ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ

ТЕҢГЕГҮЛ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

Ертеде бір адам үй сатып алсам деп армандапты. Бірақ үнемі ақшасы жетпей қалады екен. «Қайтсем екен» деп толғанып жүргенде қайырымды жандар кезігін: «Теңгегүлге барып, ақыл сұра», – деп кеңес береді.

Теңгегүл оған:

– Көп еңбек ет, аз шығындал, ақшаңды сенімді жерге сақта! – деп кеңес береді. Бұған қосымша «бір теңгені он теңгеге айналдырып береміз» дегендерден алыс жүру керектігін айтады.

Әлгі адам сиқырлы гүлдің осы кеңесіне құлақ аспай, ақшасын «тез арада байлыққа кенелтем» деген біреуге бере салады. Сөйтіп қолындағы қаражаттан бір-ақ сәтте айырылып, тақырға отырыпты. Үй алсам деген арманы да арман күйі қала беріпті.

9-тарау

Күзге салым бау-бақша жайқалып сала берді.

Ағаштан алма мен өрік төгіліп, жердегі көкөніс пен жидек уылжып пісіп жатты. Алай күшік те шырғып өсіп, нағыз күзетшіге айналған болатын. Ал Марғау мысық ағаштан түскен сары жапырақтарды бір шетке жинастырып, өзінше бағбан міндетін атқарып жүрді.

Теңгегүл де олардың еңбектерін елеусіз қалдырмай, әрқайсысына бір-бірден алтын теңге сыйлады.

Сөйтіп жүргенде Алайдың алтын теңгесіне бір қаскүнем қарға баласының көзі түсіп, «ың-шыңсыз бұл ақшаны қалай алсам екен» деп ойлана бастады. Ақыры амалын тапты да.

Бір күні ол күшікке:

– Андағы бір теңгенді оп-онай екі теңгеге айналдырғың келе ме? – деді.

– Әрине, келеді! – деді күшік. – Ол үшін не істеу керек?



– Түк те істемейсің.

Бар болғаны теңгенді менің «Қанат пен тұяқ» деген ғажайып фирмама саласың! Сонда 100 пайыз пайда табатынына кепілдік беремін! Ал егер осы іске мысық досыңды да тарта

алсаң, қосымша тағы бір теңгені сыйлыққа беремін.

Қуанған күшік дереу мысықты шақырды.

Қарға баласы күшікке айтқанын оған да айтып, дереу ырқына көндіруге тырысты. Ол аз дегендей,

Арнұр мен Дананы да қатарға қосып алмақ болды.

Марғау қарға баласын бұрыннан танитын. Бірде тырнағына іліккен қоңызды ұрлап кеткен болатын.

Марғау одан:

– Сенің фирмаң немен айналысады? – деп сұрады.

екі есеге байып шыға келесіңдер!

– Марғау, несіне ойланасың?! Тезірек ақшамызды қарға баласына берейікші! Демде 2 теңге алсақ, жаман ба? – деді күшік тыпыршып.

Алайда Марғау қайдағы біреуге жайдан-жай ақшасын бере салғысы келмеді. Ол шыбықпен жерді сызғылап, есептеп көрді де қарға баласына:

– Ал сенің алтын теңген қайда? – деді.

– Әзірге менде теңге жоқ! – деді қарға баласы қарқ етіп. – Бірақ сендер берген соң, болады ғой!..

Егер күшік пен мысық қарға баласына сеніп қалғанда бұл оқиғаның немен тынарын кім білсін?! Анығы – олар алтын теңгелерінен біржола айырылар еді.

Қарға баласы екеуін алдаған болатын. Оның ешқандай да фирмасы жоқ еді.

Абырой болғанда әңгімеге Теңгегүл араласты.

Ол қатты ашуланып:

– Қаржы алаяқтары жұртты осылай алдап, қақпанға түсіреді! – деді де қарға баласын бақшадан қуып жіберді.

Содан соң күшік пен мысыққа:

– Сендер теңгелеріңнен айырылып қала жаздадыңдар. Қаржы пирамидасы жайлы естулерің бар ма? Оның шырмауына ілікпеу үшін менің кеңестеріме назар салып, жадыларыңа сақтап алыңдар! – деді.

ТЕҢГЕГҮЛДІҢ КЕҢЕСТЕРІ

Қаржы пирамидасы – «мол байлыққа кенелтеміз» деген уәдемен қатарына адамдарды тартып, алдымен кіргендердің ақшасын кейінгілерге беріп, алаяқтық жолмен пайда табатын құрылым. Қаржы пирамидасының өкілдері кәсіпкерлікпен айналыспайды. Тек қана салымшылар қаражаты есебінен баюды мақсат тұтады.

Біздің елімізде қаржы пирамидасын ұйымдастыру заңмен қудаланады.

Қаржы пирамидасын мынадай белгілер арқылы тануға болады:

1. Әдетте мұндай ұйымдарда қаржы реттеуші – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі тарапынан берілетін (қандай да бір қаржы-қаражат тартуға) лицензиялар болмайды.

2. Қаржы пирамидасына кіретін адам ешқандай

келісімшартқа отырмай, өз еркімен ақша салуға міндетті. Салынған ақшаның қайтуына ешбір кепілдік берілмейді.

3. Ұйым өкілдері салымшыларға «нарықтық деңгейден бірнеше есе көп пайда табасыңдар» деп уәде береді.

4. Ұйым жайлы анық әрі толыққанды ақпарат табу мүмкін емес. Оның не өндіретіні, қаржылық жағдайы беймәлім болады.

5. Пайда тек жаңа салымшылар есебінен түсіп отырады.

6. Тұтынушыларға ешқандай есеп берілмейді. Заң бойынша, инвестициялық компаниялар жылдық теңгерімдеріне, кез келген мәмілелерге, тағы басқа мәселелерге қатысты жарнашыларға есеп беріп отыруға міндетті.

– Өте бір маңызды істермен! – деді қарға баласы қулана қарап. – Біз деген бақтың ішін кезген желді бір бұрыштан екінші бұрышқа қуамыз.

– Солай ма? – деді мысық таңырқай қалып. – Ол үшін сендерге біреу ақша төлей ме? Жел деген өз-өзінен соқпай ма екен?

– Төлегенде қандай! – деді қарға баласы шімірікпестен. – Мысалы, сендер фирмама ақша саласыңдар ғой. Сол сияқты жан-жақтан қаражат құйылып жатады. Қарға атыммен ант етейін, ақшаларыңды берсендер болды, бес-ақ минут ішінде



Қаржы пирамидасы – пайдалы активтер

есебінен емес, тек салымшылардың қаражаты (алдыңғы салымшылардың ақшасын кейінгілерге беру арқылы) есебінен пайда табуды көздейтін алаяқтық құрылым.



ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ



ҮЙРЕТКІШ КОМИКС

«ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚАЛАЙ АЙНАЛЫП ӨТЕМІЗ?» ОЙЫН-ЛАБИРИНТ

ҚАУІПТІ ПИРАМИДА

Алаяқтың қармағына ілінбеу үшін қаржы пирамидасының мынадай басты белгілерін біліп жүріңдер:

Алай күшік пен Марғау мысықты қауіпті қаржылық шырғалаңнан өткізіп, ақшаларын сақтап қалуға көмектесіңдер. Ойында бірнеше бағыт бар. Солардың бірі ғана қарға баласы құрған қаржы пирамидасын айналып өтуге мүмкіндік береді.

Сақ болыңдар: артқа қайтуға және бір жолмен екі рет жүруге болмайды. Іске сәт!

